



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,  
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кірбесіс,  
төл.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,  
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,  
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,  
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,  
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 23 мамырдағы  
№ DC-220 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Сіздердің қой шаруашылығы палаталарының санын қысқартып, бағыты ұқсастарды бір-бірімен біріктіруіне қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

2020 жылы «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның «Қ.Ү. Медеубеков атындағы қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» филиалы жоғары оқу орындарынан, ғылыми-зерттеу институтынан және республикалық қой шаруашылығы палаталары байқауынан өткізілген жаңа отандық қой тұқымдарын және Қазақстан Республикасының аумағына перспективалы шетелдік қой тұқымдарын әкелуді ескере отырып, қойлардың өндірістік жіктемесін бекіту бойынша ұсыныстар негізінде ғылыми кеңес отырысының 2020 жылғы 12 қазанды № 3 хаттамасымен Қазақстан Республикасында өсірілетін қойлардың өндірістік жіктемесі бекітілді. Онда қой тұқымдарын өнімділік бағыты бойынша бөлуге баса назар аудару айқындалған.

Казіргі уақытта жоғарыда аталған қойлардың өндірістік жіктемесі жұмыста пайдалану үшін қолданылады.

Қой шаруашылығындағы осындағы тәсіл Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қабылданған нормативтік құқықтық актілерде де қолданылады.

Сонымен қатар қой шаруашылығындағы 16 республикалық палата Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес Әділет органдарында тіркелгенін айта кету керек.

«Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 2-бабына сәйкес Әділет органдары занды

тұлғаларға қатысты тіркеуші органның функциясын орындауды, яғни занды тұлғаны құру және тоқтату фактісін күеландырады.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – ЗАң*) 28-2-бабы 1-тармағына сәйкес Республикалық палата асыл тұқымды жануарларды өсіруді және (немесе) есімін молайтуды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың мұдделерін білдіру және қорғау үшін құрылатын және жұмыс істейтін, коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Заңның 28-2-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қой шаруашылығы және жылқы шаруашылығы республикалық палаталары қойлардың және жылқылардың әр өнімділік бағыты бойынша біреуден құрылады деп көрсетілген.

Сондай-ақ, аталған бапта қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша республикалық палатаны қайта ұйымдастыру (бөлу, бөліп шығару нысанында) үшін республикалық палата мүшелерінің жалпы жиналышында шығарылған және республикалық палата мүшелерінің кемінде елу пайыз дауысын алған, қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша асыл тұқымды жануарларды өсіруді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың мұдделерін білдіретін республикалық палатаның кемінде үш мүшесінің және республикалық палата кеңесінің кемінде бір мүшесінің бірлескен шешімі негіз болып табылады.

Осыған байланысты, қой өнімділік бағыттарындағы республикалық палаталардың саны және қызметі бойынша проблемалық мәселелерді талқылау мақсатында, Министрлік 2024 жылдың шілде айында қой шаруашылығы жөніндегі барлық республикалық палаталардың, «Атамекен» ҰКП-ның, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, депутаттардың және басқа да мұдделі тұлғалардың қатысуымен кеңес өткіzetінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Сапаровпен келісілді.

**Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы**

**А. Бердалин**

: Д.А. Абильдина

: 8-7172-555-835

: [abildina.d@minagri.gov.kz](mailto:abildina.d@minagri.gov.kz)



БҮЙРЫҚ

17.06.2024 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 11-1-5/237

город Астана

Іссапар туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республика Заңының 38 және 57-баптарына, 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» және 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғариннің шегірткеге қарсы құрес мәселесі бойынша жұмыс сапарына қатысу үшін 2024 жылғы 18-19 маусым аралығында күнтізбелік 2 (екі) күнге Қарағанды және Ұлытау облыстарына іссапарға кетіп барамын.

2. Астана – Қарағанды – Ұлытау – Астана бағытында автокөлігімен 2 (екі) күнтізбелік күнге тәуліктік, 1 (бір) күнтізбелік күнге қонақ үйде тұру шығындары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 001/123 «Ағымдағы әкімшілік шығыстар» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі есебінен төленсін.

3. Іссапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлік міндеттін (кадр мәселелерін қоспағанда) уақытша атқаруды 2024 жылдығы 18 маусымда Ауыл шаруашылығы вице-министрі **Аманғали Бисенбайұлы** Бердалинге 2024 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі **Азат Сиражиддинұлы Сұлтановқа** жүктеймін.

Министр



А. Сапаров

002919